

# Антуриум

- Антуриум (лат. *Anthurium*) – шяянооттар тұқымдасының 113 тегінің бірі. Антуриумды әркім әрқалай атайды, мысалы «махаббат гүлі», «ер азаматтардың бақыты» сияқты атаулар да берген.



- **Антуриум (ер бақыты)** – күтімді қажет ететін гүл. Ең бастысы бұл гүлді тікелей күн көзінің түсуінен сақтап, көлеңке жерде ұстағаныңыз жөн. Ылғалдылықты жақсы көретін «еркектер» гүлінің айналасын күніне екі рет сумен бүркіп тұру керек. Ескеретін жәйт, бүркіген су тамшылары гүлдің жапырағына тимегені абзал. «Еркектің бақыты» гүлін жаз айларында үш-төрт күнде бір рет суғару керек. Ал қыс мезгілінде аптасына бір рет суғарсаңыз жеткілікті. Егу және көбейту әдісі: жылына бір-ақ рет, көктемде ауыстырып отырғызуға болады. Гүлдеп тұрған еркек бақытының шоқ бұтасын екіге бөлу арқылы көбейтуге болады. Күтімі жақсы гүл 3 жыл өмір сүреді. Одан кейін жапырағы мен гүлі сарғайып, солады.

- Дүниесі: Өсімдіктер  
Бөлімі: Гүлді өсімдіктер  
Табы: Дара жарнақтылар  
Сабы: Alismatales  
Тұқымдасы: Araceae  
Кіші тұқымдасы: Pothoideae  
Тайпасы: Anthurieae  
Тегі: *Anthurium*  
Schott



- **Биологиялық сипаттамасы**
- Бойының биіктігі түрлеріне қарай 2 метрге дейін болады. Бір антуриум 5-6 гүлге дейін шығарады.
- Антуриум өзінің әдемі гүлдерімен ерекше бағаланады. Гүлдерінің түсі ақ, қызыл және жылтыр күлгін болады. Дәл ортасынан ұзыншақ негізгі гүлкүлтесі шығады. Антуриумның негізгі гүлі осы ортасындағы гүлкүлтесі, ол ұсақ бірнеше гүлдерден құралады. Гүлдерінің астындағы қосымша гүлдері шар тәрізді, жиектері сыртқа қарай қайырылып тұрғандай көрініс береді. Олардың диаметрі 10-20 см.
- Жапырақтарының ұзындығы 30-40 см, жүректің пішініне ұқсайды.





- **Таралуы**
- Негізінен антуриумның 800-ге жуық түрлері белгілі. Отаны – Оңтүстік Американың тропиктік аймақтары.





- **Күтімі**

- Антуриум флорашылардың сүйікті гүліне айналған. Себебі, ол гүлшоғырларында ұзақ уақыт солмай тұрады, түстері әр алуан. Егер антуриум гүлін үйде өсіргіңіз келсе, оған лайықты орын тапқаныңыз дұрыс.

- Жарығы: антуриумға жарық немесе алакөлеңкелі жер қажет. Қыс кезінде жарықты мол қажет етеді.
- Жылуы: жел өтінен сақтау керек. Бөлме температурасының бірқалыпты болғанын қалайды.

- Суғарылуы: топырағы құрғаған кезде ғана суғару керек. Артық суғарған зиян, тамыры шіріп кетеді.
- Ылғалдылығы: антуриум үшін бөлмедегі ылғалдылық мөлшері 60% болуы керек. Яғни, оған күніне екі рет: таңертең және кешке су шашып тұру қажет.

- Қоректендірілуі: минералды тыңайтқышпен 2-3 аптада 1 рет қоректендіреді. Әрине, органикалық тыңайтқыштар да гүлдің жақсы өсуіне ықпал етеді.
- Аурулары: аурулар мен зиянкестерге көп шалдыға бермейді. Дұрыс күтім болмаған жағдайда, өсімдік битіне шалдығып, сабақтары мен гүлдері шіріп ауыруы мүмкін.
- Көбейтілуі: ең тиімдісі түбін бөлу арқылы көбейту. Оны тұқымы арқылы тек, көп мөлшерде алу үшін көбейтеді.<sup>[1]</sup>





Назарларыңызға  
рахмет